

«Хромтау аудандық білім бөлімі» ММ
МКҚК «№ 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасы»

«Келісілді»
Педагогикалық кеңес
№ 1
«29» 08 2024 жыл

«Бекітілді»
МКҚК № 9 «Жұлдыз-Ай»
бөбекжай-балабақшасының басшысының м.а:

С.С.Баймағамбетова



Бағдарлама «Сіқырлы бояу»

Хромтау қаласы, 2024 жыл

Құрастырған: Абдигазиева Молдир Саликовна, МКҚК № 9 «Жұлдыз-Ай»
бөбекжай-балабақшасының тәрбиешісі

МКҚК № 9 «Жұлдыз-Ай» бөбекжай-балабақшасының педагогикалық кеңесі
отырысында талқыланды

Хаттама №

Меңгеруші:



« 29 » 08 2024 жыл

С.С.Баймагамбетова
(тегі, аты, әкесінің аты)

Түсінік хат

Қазіргі заман талаптарына сәйкес балабақшадағы тәрбелеу,білім беру мазмұнын жаңарту көзделіп отыр.Балалардың эстетикалық көзқарасы мен талғамнын дамытудың тиімді жолы көркемөнер болып табылады.

Мектепке дейінгі балаларға бейнелеу іс-әрекетін ұйымдастыруда дәстүрлі емес әдіс-тәсілдерді қолдану баланың жан-жақты дамуына тікелей әсер етеді,шығармашылық қабілеттерінің дамуына ықпал жасайды.Бейнелеу іс-әрекеті эстетикалық ықпал ету құралдарының бірі бола отырып, баланың икемділігін,қиялын,ой өрісін дамытады.Балалар өздері салатын сурет немесе жапсыру іс-әрекетіне сәйкес алдын ала бақылау жасап өз іс-әрекетінде бейнелей білуге үйренеді.Саусақтарды көп қимылдату-дәстүрлі емес бейнелеу сабағының маңызды міндеттерінің бірі.Жапсыру әдістерінің әр-түрін пайдалана отырып,балалар саусақтарының ұсақ моторикасын дамытады. Белгілі зерттеуші балалар дәрігері М.М Кольцова былай дейді:”Қол саусақтарының қимылдауы адамзаттың дамуында тілдің қызыметімен тығыз байланысты”.Яғни,саусақтарды көп қимылдатуға дәстүрден тыс құралдарды пайдалану арқылы жапсыру жұмыстарын жасатқызу пайдалы.Осылайша балалардың ұсақ моторикасы дамиды,қолдың қозғалысында икемділік,дәлділік қалыптасады.Саусақтың ұсақ моторикасын дамыту балалардың тілін дамытудың тиімді тәсілі. Балардың мектепке дайындығы сенсорлық қабілетімен анықталады.Психологтар жүргізген зерттеулер көрсеткендей, мектепке келген балалардың көп қиыншылықтары осы баланың нақты қабылдау икемділігінің жетіспеуімен байланысты. Нәтижесінде әріптерді салуда,суреттерді құрастыруда қиналады.Сондықтан ұсақ моториканы дамыту жұмыстары балабақшада көбірек жүргізілу қажет.Ұсақ моторика-бұл саусақтардың нақты және дәл қозғалысы.Ойлау және тіл қызметінің дамуы ұсақ моторикаға байланысты. Сондықтан дәстүрден тыс құралдармен әр-түрлі тапсырма беру арқылы сәбилердің ұсақ моторикасын дамытуға жағдай жасау керек.Бұл бағдарлама балалардың қимыл-қозғалыстарын реттеуге,тілін, ой-өрісін,қиялын,ұсақ моторикасын дамытуға маңызы зор.

Мақсаты:

Балаларды өмірдегі әсемдікті, сұлулықты қабылдау және оны түсінуге,сезінуге тәрбиелеу арқылы шығармашылық қабілеттерін дамыту.

Міндеті:

1. Саусақтардың ұсақ моторикасын дамыту.
2. Көркем жапсыру барысында балалардың жеке бөлшектерден зат құрастыруға дербес әрекет етуге,өз іс-әрекеттерін жоспарлауды және ойын жүзеге асыруды қалыптастыру.
3. Нұсқау бойынша берілген тапсырмаларды түсініп,орындау қабілеттерін дамыту.
4. Көркемдік талғамын дамыту.

Ұзақтығы: 1 жыл

Қолданылатын әдіс-тәсілдері

- дәстүрден тыс жапсыру,бейнелеу әдістері
- жаттықтыру,үйрету әдісі.
- үлгіні талдау,көрсету.
- сұрақ -жауап.
- ауызша баяндау.

Күтілетін нәтиже:

- 1.Балалар жұмыстану кезінде қауіпсіздік ережесін игереді.
- 2.Дәстүрден тыс бейнелеу,жапсыру әдістерін меңгереді.
- 3.Саусақтарының ұсақ моторикасының жатығуы арқасында кеңістікті бағдарлай білуге үйренеді,тілдері жақсы дами бастайды.
- 4.Бояулармен ұқыпты жұмыс істеу іскерліктеріне машықтанады,саусақтарының икемділігі қалыптасады.

Бағдарлама құрылымы және мазмұны

I тарау. Дәстүрден тыс бейнелеу өнері тарауында балаларға алақанмен саусақпен сурет салу ұсынылады және дәстүрлі емес құрал-жабдықтарды пайдалану арқылы бейнелейді. Сонымен қатар сулы қағазда сурет салу әдістері және оттиск тәсілімен бейнелеу ұсынылады. Балалар ілгектерді бояуға батыра отырып, оттиск тәсілімен іздерін салады, поролон және түрлі-түсті борларды пайдалана отырып сурет салады. Жартылай дымқыл қылқаламдарды пайдалану әдісі арқылы бейнелеу жұмыстарын жүргізеді. Осылайша балалардың бейнелеу шығармашылығына қызығушылығы дамиды.

II тарау. Бұл тарауда балалар дәстүрлі емес құралдарды (шырпы, ілгек, моншақ, мақта, салфетка, жапырақтар, макарон, фантиктер) пайдалану арқылы жұмыстанады. Жапсыру әдістерінің әр түрлі әдістерін пайдалану арқылы коллаж жұмыстарын жасайды. Мысалы: "автобус" тақырыбында жапсыруға ілгек, шырпы, ермексаз пайдаланамыз. Ілгек – доңғалақтары, шырпы-терезелері. Түрлі-түсті қағаздардың әр түрлерін пайдалана отырып, жапсыру жұмыстарын жасайды. Осылайша балалардың қолдарының қимылдары икемге келеді, саусақтарының ұсақ моторикасы дамиды.

Жоспар

Тақырыбы	Теория	Практика	Сағат саны	Әдіс - тәсілдер	Күтілетін нәтиже	Күні
“Түрлі түсті бояулар”	Бейнелеу өнерінің мәнерлеу құралдарын таныстыру, түстерді үйлесімді қолдану	Бояу түстерін араластырып тәжірибелік жаттығулар жүргізу	1	Саусақпен, алақанмен сурет салу	Бір түспен екінші түсті араластыру арқылы жаңа түс алуды игерді.	
“Алма бақта”	Күздегі бақша еңбегі туралы айту, алманың түрлерімен таныстыру.	Қағаз бетіне қызыл,сары, жасыл домалақтарды жапсыру. Кепкен жапырақтармен әсемдеу.	1	Жапсыру (түрлі-түсті қағаздар, жапырақ)	Жапсыру икемділігі қалыптасады, желіммен қағазбен жұмыстануға үйренеді.	
“Күннің көзі”	Адамдарға күн көзінің пайдасы туралы мағлұмат беру	Алақандарына сары түсті жағып,қағаз бастыру жан-жағына саусақтарымен сызықшалар түсіру.	1	Алақанмен, саусақпен сурет салу.	Саусақтың ұсақ моторикасы дамиды.	
“Күзгі жапырақтар	Күз мезгілінің ерекшелігте рін сезіну,жапырақтар түсінің өзгеретінін айту	Кептірілген жапырақтарды қағаз бетіне орналастыру қызыл,сары.	1	Жапсыру (гербарий)	Қағаз бетіне жапырақтар жапсыруды меңгерді.	
“Торғай”	Құстарды сүйіп, оларға қамқорлық жасап,қорғай білуге үйрету.	Кеңістікті бағдарлай отырып, торғайдың бейнесін бастыру әдісімен бейнелейміз.	1	Оттиск тәсілімен бейнелеу.	Құстың бейнесін қағаз бетіне түсіре білу іскерліктеріне үйрену.	

“Балапан”	Құстар және оларды тамақтандыру жайында түсініктер беру.	Ақ бетке салынған балапанның суретіне сары түсті салфеткаларды жыртып алып, жапсыру, фонды кептірілген сабан, гүл, жапырақпен әсемдеу	1	Жапсыру (панно)	Құстар туралы жалпы түсініктерді игеру. Саусақтарының икемділігін, Дәлдігін дұрыс реттеуге үйренеді	
“Балықтар”	Балықтардың мекендері, түрлері жайында түсініктер беру	Гуашка саусақтарын батырып, балықты бейнелеу, көк түсті субояқпен суды салу.	1	Саусақпен сурет салу.	Бояумен ұқыпты жұмыс істеу іскерліктеріне машықтану.	
“Әжемнің құрағы”	Қазақ халқының қол өнері, құрақ көрпе жайында түсінік беру.	Қағаздың түр түсін ажыратуға және пішініне қарай орналастырады	1	Жапсыру әдісі	Жапсыру іскерлігі дағдыларын, түр-түсіне қарай орналасуды үйренді.	
“Ою-өрнек”	Қазақ халқының ою-өрнектерімен таныстыру. Ою туралы жаңа түсініктер беру.	Балалар оюлардың трафаретімен бастыру арқылы сурет салады.	1	Трафарет пайдалану арқылы сурет салу.	Ою-өрнек түрлерімен танысады. Саусақтарының ұсақ моторикасы дамиды.	
“Автобус ”	Көлік түрлерімен таныстыру. Автобусты кім жүргізеді.	Жапсыруға ілгек, шырпы пайдаланамыз, шырпы-терезелері, ілгек-доңғалақтары.	1	Дәстүрлі емес құралдар арқылы жапсыру әдісі.	Бала қолының саусақ қимыл-қозғалыстары жетілдіріледі. Жалпы көлік түрлері	

“Кеме”	Кеменің суда жүзетінін айтып,онымен жүк тасымалданынын түсіндіру.	Ақ қағазды көгілдір түспен су бояқпен бояймыз.Үстін е свечамен кеме бейнесін бастыру.	1	Бейнелеу. Су бояқ(акварель мен свеча)	Көлік жайында түсініктерді игереді.Саусақ икемдері қалыптасады.	
“Қар жамылған ағаштар”	Қыс мезгілінің ерекшеліктерін айту.Қыстаағаштардың қар жамылатындығын түсіндіру.	Ақ қағазға көгілдір бояумен фон жасайды (губкамен ағаштың суретін салу осы фонға ағаш бұтақтарының үстіне мақта жапсыру.	1	Дәстүрлі емес құралдарды пайдалану арқылы жапсыру.	Қыс мезгіліндегі ағаштардың қар жамылатынын, жапырақтарының болмайтыны туралы түсініктерді игереді. Қол икемдері, саусақтың ұсақ моторикасы дамиды.	
“Жасыл шырша”	Шыршаның жаңа жыл мерекесіне арналғандығын түсіндіру	Қағаз бетіне дайын шырша суретін бастыру,губканы жасыл гуашқа батырып бояу.	1	Бастыру әдісі арқылы бейнелеу.	Жаңа жыл мерекесі туралы түрлі мағлұматтар алды.Саусақ икемділігі дамиды.	
“Жаңа жылдық ашықхаттар”	Жаңа жыл мерекесіне арналған сыйлықтар,ашықхаттарды кімге,қалай сыйлаймызтүсіндіру.	Қағаз бетін тең етіп екіге бүктеуді үйрету,сыртына кәмпит фантиктерін пайдалану арқылы әсемдеу.	1	Дәстүрлі емес құралдарды пайдалану арқылы жапсыру.	Қағаз бетін тең бүктеуді үйренді.Қолдарын қимылдату арқылы ұсақ моторикасын дамытты.	

“Аққала”	Аққаламен таныстыру қыста аққаланың жасалу жолдарын әңгімелеу.	Көгілдір қағаз бетіне тіс пастасымен аққаланы бейнелейді	1	Дәстүрлі емес құралдар арқылы бейнелеу	Аққала туралы мағлұмат алды қолдарынның икемділігі дәлдігі қалыптасты, саусақтарының ұсақ моторикасы дамиды.	
“Ақ қоян”	Қоянның түсінің қыста өзгеріске енетінін түсіндіру.	Қағаз бетіндегі қоян суретіне мақтаны жапсыру жан жағын қылқаламмен бояу	1	Көлемді жапсыру (мақта)	Мақтамен жапсыру тәсілін меңгереді, қоян туралы мағлұматтар игереді.	
“Ойыншықтар әлемі”	Ойыншық түрлерімен таныстыру, олардың маңыздылығын айту.	Әр түрлі пішіндегі ілгектерді, кішкене төрт бұрыштарды қолдану арқылы ойыншықтарын бейнелеу.	1	Ілгектерді пайдалану арқылы бейнелеу.	Ойыншықтар жайлы түсініктерін кеңейту, ойыншықтарды топтап, жекелеп қойып сан, пішін, көлем, кеңістік ұғымдарын тиянақтады.	
“Менің үйім”	Отан отбасынан басталатындығын түсіндіру.	Ермексаз жапсырылған тақтайшаға шырпымен, соломкамен үйдің үлгісін жапсыру.	1	Дәстүрлі емес құралдарды пайдалану арқылы жапсыру.	Үй отбасы туралы түсініктер игереді. Саусақ бұлшық еттерінің қызметі жақсарады.	
“Әдемі кесе”	Айналадағы заттарға ұқыпты қарауға тәрбиелеу.	Гуашпен паралонды пайдаланып кесені бейнелеу.	1	Бейнелеу. (Гуашь, паралон.)	Эстетикалық талғамдары қалыптасады. Сурет салу іскерліктеріне машықтандыру.	

“Тасбақа”	Тасбақанын жәндікке жататынын қайда мекендейтінін түсіндіру.	Тасбақа денесіне жаңғақтың сырты алынады, басы аяғы ермексабен ,көздері моншақтан жасалады.	1	Жапсыру , коллаж	Дәстүрлі емес әдістермен жапсыру жұмыстарына жаттығады,сау сақтың ұсақ моторикасы дамиды.Қол икемділігі қалыптасады.	
“Сызықтар әлемі”	Сызықтардың түрлерімен таныстыру Сызықтарды қолмен ауада сызып үйрену.	Көлденең сызық түзу,ирек,тік сызылған сызықтарды салуды үйренеді.	1	Мақта таяқшаларын пайдалану арқылы бейнелеу	Сызықтар түрлері жайында түсініктерді игереді.Сызықтарды дұрыс сала білуге жаттығады, саусақтың ұсақ моторикасын дамытады.	
Сәбіздер	Сәбіздің бақшада өсетінін,денсаулық пайдасын айту	Үшбұрыштың екі жанын доғал етіп қиып,сәбіз жасап,басын жасыл жіптермен жапсыру.	1	Жапсыру тәсілінің көлемді түрі.	Қимыл қозғалыс үйлесімділігін дамыту,сәбіз туралы мағлұматтарды меңгеру	
Күн және бұлт	Күн және бұлттың аспан әлемінде екенін ұғындыру	Алақанмен күн бейнелейміз,саусақтарымен бұлт салады.	1	Алақан мен саусақ арқылы бейнелеу	Аспан әлемінен жаңа мағлұматтар игереді.Саусақтарының икемділігі, дәлдігі қалыптасады	

Түлкі мен бауырсақ кездесуі	Ертегі мазмұнын түсіндіру.	Түлкі мен бауырсақтың дайын суреттеріне салфетканы шетіне шығармай, көлемді етіп жапсыру.	1	Көлемді етіп жапсыру	Балалардың шығармашылық қабілеттері дамиды.	
Аналар мерекесі	Аналар мерекесінің маңыздылығын айту, ана туралы өлең оқу.	Оттиск әдісі арқылы гүлдің суретін саламыз.	1	Оттиск тәсілмен сурет салу	Балалар аналарын сыйлауға дағдыланады	
Дастархан	Қазақтың дастарханы, қонақ күту рәсімі жайында түсініктерін жетілдіру.	Безендіру барысында қиылған қағаздарды түрлеріне, көлеміне, түсіне қарай жапсыру.	1	Коллаж әдісін қолдану арқылы жапсыру.	Балалардың жапсыру іскерліктерін қалыптастыру. Қиылған қағазды дұрыс орналастырғанда дағдыланады	
Төрлет, өз наурыз	Қазақтың ұлттық жаңа жылы наурыз екенін ұғындыру.	Дайын киіз үй суретін мақта таяқшаларымен бастырып шығу.	1	Бейнелеу. (мақта, таяқшалары.)	Қол икемділігі қалыптасады, Саусақтарының ұсақ моторикасын дамыту.	
Сандықты әсемдеу.	Сандықтың қазақ халқының ұлттық бұйым екенін түсіндіру.	Трафаретпен бастыру арқылы өрнектер қиып, сандық суретіне жапсыру.	1	Жапсыру әдісі.	Сандық жайлы мағлұмат игереді, қайшы мен, желіммен жұмыстануға машықтанады.	

Қошақандар жайылымда	Малдың төлдері жайында түсінік беру.	Қағаз бетінде губканы пайдалана отырып, қозының бейнесін бояу.	1	Дәстүрлі емес бейнелеу, губка ны пайдалану арқылы.	Саусақ бұлшық еттерін жетілдіру, қимыл қозғалыс үйлесімділігін дамыту.	
Геометриялық фигуралар	Пішіндер туралы әңгімелеу оларды ауада сызғызып білу.	Үшбұрыш, төрт бұрыштарды ермексаз жабыстырылған тақтайшаға шырпымен көрсету.	1	Жапсыру (шырпы және ермексаз.)	Әр түрлі қимылдар арқылы тепе - теңдік сақтауды, қозғалыс үйлесімділігін дамыту көзделеді.	
Көбелек	Көбелектің мекенін, әсемдігін түсіндіру.	Көбелек денесін түрлі-түсті борлармен бейнелейміз, қанаттарын жылты рақ қаламдармен әсемдейміз.	1	Түрлі-түсті борлармен бейнелеу.	Саусақтарын ың Ұсақ моторика сын дамыту, эстетикалық талғамын қалыптастыру .	
“Шалғындағы қоңыз”	Балаларды қоршаған орта ерекшелікте рін бақылауға үйрету. жәндік тер туралы әңгімелеу.	Кеңістік бетінде ермексазбен қоңызды көлемді етіп, көздерін моншақпен шығарамыз.	1	Жапсыру (ермексаз моншақ)	Кеңістікте орналасуы на байланысты қағаз бетінде сурет мазмұнын беруге үйренеді.	
“Мерекелік жалаушалар”	1-мамыр мерекесіне тоқталу. Мерекелік көңіл күй қалыптастыру	Жалаушаларды гуашь, мақта таяқшаларын пайдалана отырып бейнелеу.	1	Дәстүрлі емес бейнелеу (гуашь мақта таяқшалары)	Мерекелік туралы мағлұматтар менгерді. Бояумен жұмыстану іскерліктері жетілдірілді.	

“Қызғалдақ”	Дала гүлдерін айта отырып, табиғат бағалауға сүйіспеншілік сезімдерін тәрбиелеу	Саломка, Макаронды пайдалана отырып қызғалдақ бейнесін жасап шығару.	1	Жапсыру (макарон өнімдері, саломка	Саусақтың ұсақ моторикасын дамытады. Көркемдік талғамын қалыптастырады. Гүлдер туралы білімдерін толықтыру.	
“Салют”	Мерекелік от шашу екендігін ұғындыру.	Әр түрлі түстерді пайдалана отырып, отшашуды саусақпен бейнелейміз.	1	Саусақпен бейнелеу	Бейнелеу арқылы қиял, ойлау қабілеттерін дамыту, қолдың икемін реттеу.	
Қорытынды сабақ	Жыл бойы жасаған жұмыстары бойынша көрме ұйымдастыру.	Балалар өздері жасаған жұмыстарын көрсетіп, әңгімелейді.	1	Сұрақ-жауап, баяндау, түсіндіру.	Балалардың бейнелеу өнеріне қызығушылығын арттыру, шығармашылық, ой-қиял қабілеттерін дамыту.	
Барлық сағат саны			36			

Пайдаланылған әдебиеттер:

- 1.Балбөбек бағдарламасының “Өнер көзі халықта” бөлімі.2013ж.
- 2.Бейнелеу өнерінің теориясы мен әдістемесі.Ф.Н.Жұмабекова.
- 3.Комарова.Т.С “Занятия по изобразительной деятельности в детском саду” М.:Просвещение ,1991.
- 4.Лыкова И.А “Изобразительная деятельность в детском саду”2012.
- 5.Комарова.Т.С “Как научить ребенка рисовать”.
- 6.Доронова.Т.Н. “Изобразительная деятельность и эстетическое развитие дошкольников” М.:Просвещение, Росмэн.2008г.
- 7.Балабақшаны көркем безендіру.Ф.Н.Жұмабекова.2012ж.
- 8.Бейнелеу өнері бойынша дидактикалық ойындар.Ф.Н.Жұмабекова.
- 9.Колдина Д.Н.”Рисование с детьми4-5 лет” .-М:Мозаика-Синтез,2010.